

276 ТОП МІ
САРАЕВ ЛЕЙЛА ҚАНАТҚЫЗЫ
Қызбааның алгоритмі



ҚЫЗБА ДЕГЕН НЕ?



- **ҚЫЗБА** (лат. *ФЕБРИС*) — ДЕНЕНІҢ КЕЙБІР АУРУЛАРҒА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫШ РЕАКЦИЯСЫ. Мұндайда температура көтеріледі, ол организмнің қорғаныштық қуатын арттырады. Қызыну жұқпалы және жұқпайтын аурулармен ауырғанда (УЛАНУ, АЛЛЕРГИЯ, т.б.) пирогендердің МИКРОБТАР және олардың улары, жат БЕЛОКТАР, олардың ішінде СЫВОРОТКА (сарысу) мен ВАКЦИНАЛАР; кейбір ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР әрекеттеріне жауап ретінде пайда болады. Қызбаның аса күшеюі әр түрлі органдар мен жүйелер қызметінің бұзылуына әкеліп соғады, жүйке жүйесі (БАС АУЫРУ, БАС АЙНАЛУ, ЕСЕҢГІРЕУ), жүрек-қан тамыр және тыныс жүйелері қызметі (ЖҮРЕК СОҒУЫ мен ТЫНЫС АЛУ жиілейді), ЗАТ АЛМАСУ бұзылады, кіші дәрет дұрыс жүрмейді. ↓

1. Температураның көтерілуі сатысы

Дене температурасының көтерілуі әртүрлі жылдамдықта жүреді. крупозды пневмония мысалы, температура бірнеше сағат ішінде 40°C -ге дейін көтерілуі мүмкін, іш сүзегінде 4-5 күнде ғана 39°C -ге жетеді. Сирек жағдайларда, мысалы, безгекте, температура 30 минуттың ішінде 3°C – қа көтерілуі мүмкін.

Температура көтерілуінің дәрежесі мен жылдамдығы қандағы пирогендік заттардың концентрациясына, пирогендік заттардың миға түсіп анықтайтын гематозэнцефалиялық тосқауыл қасиеттеріне және ауру реактивтілігінің ерекшеліктеріне

тә



2. Температураның тұрақтану сатысы

Жоғарғы деңгейге көтерілген температура бірнеше күн, сағат тұрақталып тұрады. Бұл кезде дене температурасының реттелу теңдігі жаңа жоғарғы деңгейге көтеріледі де, жылу өндіру мен жылу шығару баланста болады. Бұл сатыда дене температурасының көтерілуі дейгейіне қарай келесі түрлері ажыратылады:

шамалы (субфебрильдік) қызба - 38°C дейін көтерілуі;
 орташа қызба - $38-39^{\circ}\text{C}$; қатты қызба - $39-40^{\circ}\text{C}$; асқын (гиперпиреттік) қызба - 41°C -тан жоғары температура;

3. Температураның төмендеу сатысы

Пирогендік заттарды өндіру тоқтағанда дене температурасы нормаға дейін төмендейді. Бұл кезде жылу беру жылу өндіруден басым бола бастайды.

Қызбаның үшінші сатысындағы дене температурасының төмендеу жылдамдығы әртүрлі болады. Температура 10-12 сағ. ішінде $2-3^{\circ}\text{C}$ түсіп кетеді мүмкін- бұл температураның дағдарыстық (кризистік) түсуі, мысалы, крупозды пневмонияда немесе осындай мөлшерге 6-7 күнде жетуі - бұл температураның лизистік түсуі, ол іш сүзегіне тән. Организмде пирогендік заттардың пайда болуы «ішкі термостаттың орнықтыру нүктесін» жоғары деңгейге көтеретінін түсіну үшін, адам температурасы қалыпты жағдайда қапай реттелетінін еске алу керек



А-тұрақты қызба

Б-жедел басталған және аяқталған тұрақты қызба

С-босаңситын қызба

Д-ұстамалы қызба

Е-бруцеллезге тән қызба

Ф-ш сүзегіне тән қызба



Қызба кезінде болатын температуралық сызықтардың бірнеше түрлері байқалады:

[A]Тұрақты қызба (*фебрис контінұа*) - дене қызуы жоғарғы деңгейге көтерілген (39-40⁰С) көтерілген, таңертеңгі және кешкі температуралардың айырмашылығы 1⁰С-тан аспайды. Бұл тип скарлатина, крупозды пневмония, бөртпе ауруларына тән.

[F]Келбетсіз қызба (*фебрис атһуица*) - температураның тәуліктік өзгеруі бей-берекет, ретсіз болады. Балалар мен қарттарда, сепсис кезінде байқалады

Қызбаның түрлері

[C]Босаңситын қызба (*фебрис реміттенс*) - жоғарғы деңгейдегі дене температурасы таңертең және кешке 1,5-2⁰С-қа өзгеріп тұрады, бірақ қалыпты деңгейге дейін төмендемейді. Бұндай температура туберкулез, плеврит кезінде байқалады.

[D]Ұстамалы қызба (*фебрис інтерміттенс*) - дене температурасы тез бірнеше сағаттың ішінде кешкісін 39-40⁰С-қа дейін және одан да жоғары көтеріледі, таңертең қалыпты деңгейге, кейін одан да төмен төмендейді. Бұндай температура безгек кезінде байқалады.

[E]Қалжырататын қызба (*фебрис һецтіца*) - таңертеңгі температура мен кешкі температураның айырмашылығы 3-5⁰С болуы мүмкін. Бұндай температуралық сызық сепсиске тән.